



Құдай-ау,
қайда
сол жылдар?!

Құдай-ау, қайда сол жылдар?!

Естеліктер, эсселер

Құрастырған Қайсар Әлім

FOLIANT
БАСПАСЫ

Астана - 2012

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Қаз) 7-4
Қ 74

*Бұл кітап – Қазақстанның халық жазушысы
Әзілхан Нұршайықовтың 90 жылдығына
«Фолиант» баспасының тартуы*

Қ 74 Құдай-ау, қайда сол жылдар?! *Естеліктер, эсселер/*
Құраст. Қ. Әлім. – Астана: Фолиант, 2012. – 344 б.

ISBN 978-601-292-645-3

Әр қазақтың жүрегіне терең орныққан Әзілхан Нұршайықов – Ұлы Отан соғысының ардагері, Қазақстанның халық жазушысы, Абай атындағы Мемлекеттік, А.А. Фадеев атындағы халықаралық сыйлықтардың лауреаты.

Бұл естеліктер мен эсселер жинағының алтын тініне Ә. Нұршайықовтың өмірі мен шығармашылығы арқау болған.

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Қаз) 7-4

ISBN 978-601-292-645-3

© Әлім Қ., құраст., 2012
© «Фолиант» баспасы, 2012

ҚҰДАЙ-АУ, ҚАЙДА СОЛ ЖЫЛДАР?!

(Алғы сөз орнына)

Көрнекті жазушының көркем шығармаларының өміршеңдігі әрқалай сипатпен халық жүрегінің түкпірінде ыстық аяланып, жатталып қалады. Айтыңызшы, басқасын былай қойғанда, «Ақиқат пен аңыз», «Махаббат, қызық мол жылдар» романдары десек, көз алдымызға Әзілхан Нұршайықов елестей қалатыны жасырын емес қой. Керісінше, Өзағаң туралы ой суыртпақтала бастаса, әлгі шығармаларымен қоса өзге де өзекжарды туындылары «мені оқы, мені оқы» деп анталасып, иектесе тізіліп қалатындай әсер беретіні шындық қой. Демек, жазушы бақытының бір ұштығын аңғарғыңыз келсе, осы тарих безбенінің өзі бір көдеге жарап қалары айдай анық екен. Артық пысықтаудың қажеті де бола қоймас, сірә.

Алматыда сондай бір ыстық ықыласты кездесулердің куәсі болған едік. Ондай жылы жүзді, аңсарлы да, кеудені шымырлатқан сағынышты да, тіпті мұңға батырған кіреукелі де күмбірлі ұшырасулар Өзағаңның жыл жасырған (12.02.2011 жылы өмірден озған) бейнесін ешбір көмескілендіре алмай, есесіне халық сүйген жазушының өр тұлғасын талантты қаламгерлік кейпімен жүректерде жағылған нұрлы шырақтың сәулесіндей жарқырата түскен еді.

Иә, өмірден озғанына жыл толғанымен де Өзағандай нәзік жүрек, ыстық махаббатты, адуын қайратты, болашақты меңзеп жазуымен-ақ елінің ертеңіне тамсандырып та қызықтыра алатын өміршең шығармаларын қалдырған дара дарынның уақыт өлшеміне бағынбай, әспеттеле берерінің жарқын мысалының рухани шәрбатына қанғандай болғанбыз.

Қандай отырыс, жүздесулерде болсын, тіпті жылдығына арналып берілген асын былай қойғанда, Ө. Нұршайықовтың халық жүрегінде мәңгілікке ұялағанына көз жетіп, көңіл марқайғандай еді. Сондай бір сәттерде Өзағаң туралы жанды марқайтқан талай жылы сөздер мен лебіздер естуге тура келген. Баршасы өзің де, өзге де сүйіп оқыған жазушының екінші өлмес өмірінің басталғанына сендіріп, руханияттың үзіліссіз кәделі төбәрігінен үмітті етеді. Яғни, Нұршайықовтың жасаған әдеби әлемінсіз ұлттық өркениет әлсізденіп тұрар еді-ау! Соның тылсымына ой бойлап, көз жете қаныға түседі.

Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Нұрлан Оразалиннің Өзағаң туралы жүрекжарды сөзі тебіреністі шықты. Бір ғана «Махаббат, қызық мол жылдар» қазақ жастарының жүрек әніне айналғанын салыстырмалы түрде түсіндіріп берді. Сонымен бірге биыл жазушының 90 жылдығына байланысты атқарылатын шараларға қатысты біраз іс-шаралардың тыңғылықты безбенделіп жатқанын жария етті. Көрнекті ғалымдар Серік Қирабаев пен Тұрсынбек Кәкішев, белгілі жазушылар Медеу Сәрсекке мен Софы Сматаев, Сәбит Досанов, т.б. Өзағанның достыққа берік, азаматтыққа адал, отансүйгіштік қасиеті әр сөзінен жалындап сезіліп тұратын елшіл жүректі болмыс екендігіне баса тоқталды. Парламент Сенатының депутаты Ғарифолла Есім, Мәжіліс депутаттары Нұртай Сабильянов пен Бақытбек Смағұл жазушының имандылық пен мейірімге толы жүрегінің шапағатына қалай бөленгендіктері тұрғысында

көзге мөлдіретіп алуан эпизодты тарта білді. Ал Бақытжан Момышұлы мен зайыбы Зейнептің ғабратты сөздері ше? «Ақиқат пен аңызсыз» батыр Бауыржан елестер ме? Өзілхансыз осы тұғырлы тұлғалардың сәні мен мәні жарасар ма, түге?! Ажыратылмас ұғымдар екен осы үштаған! Тарих қазаққа сыйлаған осынау үш ғажайып жаратылыс табиғат құйған жартастай болып жел мен судың өтінен ғасырларға аман-есен жете берер деген сенім әркімді асқақ сезімге бөлейді.

Соғыс алапатынан аман оралып, солдат шинелімен университеттің табалдырығынан аттап, отыз қыздың ортасында абдырап отырған қағілез де ұялшақ бозбала Өзілхан әлгі арулардың әдепті әлдилеуін көрмесе, күні бүгінге дейін жас жүректерде жатталып келе жатқан Махаббат жырын жазар ма еді, жазбас па еді? Осы ұлттық білім қара шаңырағының бүгінгі басшысы, ректор Ғалым Мұтановтың да әсерлі сөзі тыңдармандарын толқытып тастады. Өз жүрегінен қайнап шыққан ләззатты жыр арнауы да сезім шамырқанысын тулатып жібергендей еді.

Жазушының үлкен қызы, филология ғылымдарының докторы Жанар Нұршайықова өз сөзінде бір жыл өткелі бергі уақытта әкесіне қатысты атқарылған бірашама келелі істер туралы баяндап берген. Өзінің құрастыруымен және Шығыс Қазақстан облысының әкімі Б. Сапарбаевтың, «Шығыс-Ақпарат» холдингінің директоры Нұржан Қуантайұлының демеушілік жасап, қолдауының нәтижесінде «Өзаға» естеліктер кітабы жарық көргенін қуана жеткізді. Сондай-ақ, белгілі журналист, ғалым Мұратбек Тоқтағазиннің құрастыруымен «Әйгілі Өзаға» естеліктер жинағы көрнекілігімен әрі мазмұн байлығымен оқырмандарын риза ететіні айтылды. Бір айта кетерлігі, осы автордың «Деректілік пен көркемдік» деп аталатын Ө. Нұршайықов шығармашылығы туралы монографиясы да «буы бұрқыраған» күйі жиналғандарға таратылған еді.

Келесі соқталы дүние – Өзағанның ұл-қыздары дайындап шығарған «Естеліктер» деп аталатын екі томдық еңбегі. Автордың бұл екі томдық шығармалар жинағына ХХ ғасырда өмір сүріп, өмірлері қалың жұртқа өнеге болған атақты адамдар туралы естелік әңгімелері, олар туралы ойлары енгізілген. Жас ұрпақ тәрбиесі үшін ғибраты мол бұл құнды туындыны автор көзі тірісінде жарыққа шығара алмай кеткен еді. Алайда бұл естелік кітаптарды жазушының ұл-қыздары әке аманатын орындау мақсатында шығарып, сүйікті оқырмандарына ұсынғаны көптің ықылас сезімін туғызды. Аталған кітаптардың бәрі жиналғандарға таратылуының өзі ғанибет болды.

Өзағанның биыл (15.12.2012) 90 жылдығы дедік. Сол мерейтойға әзірлікті туған жері бастап та кеткендей екен. Жарма ауданының мәслихат хатшысы Нұрлыбек Есполов мәлім еткендей, аудан орталығындағы 10 жылдық мектепке Ө. Нұршайықовтың есімі беріліпті. Енді сол мектеп жанынан мұражай ашылып, жөдігерлермен толықтырылмақшы. Жазушының Алматыдағы тұрған үйінің қабырғасына ескерткіш-тақта орнату да кезек күттірмес мәселенің бірі.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры Ерлан Сыдықовтың мұрындық болуымен бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылмақшы екен. Біріншіден, мұнда Ө. Нұршайықов атындағы «Алтын қалам» атты баспасөз клубы құрылмақ. Екіншіден, журналистердің үздік туындыларын сараптай отырып, жыл сайын Ө. Нұршайықов атындағы республикалық шығармашылық конкурс болмақ. Үшіншіден, жазушының 90 жылдық мерейтойы қарсаңында республикалық ғылыми-теориялық конференция өткізілмек. Төртіншіден, университеттегі журналистика және саясаттану факультетінде оқитын, баспасөзде сәтті мақалаларымен жиі көрініп жүрген жас таланттарға Өзілхан Нұршайықов атындағы стипендия тағайындалмақ.

Сөтімен жүзеге ассын делік осы ойластырылған игі шаралар. Және де бірқатар ұсыныстар баршылық. Көптің көкейіндегі болған соң жария етелік. Алматыдан «Махаб-

бат мұражайы» ашылса деген тілек бас көтерді. Әрине, әдебиет сипатындағы. Түсінікті ғой, «Махаббат, қызық мол жылдар» романының желісімен күллі қазақ әдебиетінің осы нәзік сезімді жырлаған туындылары топтастырылып қойылса, махаббатқа мәңгілік қызмет етудің жарқын үлгісі болмас па еді? Яғни, жастар мен жасамыстардың ықыласпен бас сұғатын иманды да мерейлі мұражайы болар еді-ау!

...Кеңсайдағы кезінде Әзағаң өзі бастап талай апарған Халима апамыздың кесенесіне қарай беттедік. Бұл жолы маңдайшалардағы «Халима» жазуының алдына «Өзілхан» есімі тіркеліпті. «Өзілхан – Халима» кесенесі! «Бұл – менің Тәж-Махалым!» – деуші еді қайран да қайран Әзағам! Енді мәңгілік махабаты Халимасымен Қозы – Баяндай боп бір молада жатыр!.. Аруақтарға дұға бағыштадық.

...Қолдарыңызға тиіп отырған бұл естеліктер жинағының әр жүрекке жайып салар жан сыры ұшан-теңіз. Алдымен, бұл еңбек жаңадан, тың авторлардың тартылуымен ерекшеленеді. Демек, Әзағаң туралы айтылған әр әңгіменің болмыс-пайымы соны қырынан жарқырап, еліте түсері хақ. Сондай-ақ, назарға ұсынылып отырған суреттер де тұңғыш рет жариялануымен парқын асырған әрі сюжеттілігімен қайталанбас қаламгердің әр бейнесін асқақ сомдауға, дарауға қызмет еткен.

*...Құдай-ау, қайда сол жылдар,
Махаббат, қызық мол жылдар?! –*

деп Абай бабамыз бебеулеткендей, кезінде «Махаббат, қызық мол жылдар» романының бастапқы атауына «Құдай-ау, қайда сол жылдар» ұсынылып, сарапқа салынғанда, діни және ділдік көзқарас «елегінен» сусып түскен бұл атауды енді біз осы естеліктер жинағының мазмұнына теліген едік!

Иә, Әзағаңмен өткерген әр жылды армандап, аңсап, елжіреп сағынады екенбіз-ау!

Қайсар ӘЛІМ

*Нұрлан ИСАБЕКОВ,
«Фолиант» баспасының директоры*

МЕЙІРІМ

Сүйікті жазушымыз Әзілхан Нұршайықов ағамен етене жақындасып, аралас-құралас бола түсуіміз соңғы жылдары өзіндік бір сағыныш, қимастық арнасына бұрыла бастап еді-ау... Сәті түсіп Астанаға келе қалса, біздің «Фолиант» баспасына соқпай кетпейтін. Ондайда ұжым боп қуанып, бақыт құшағына еліткендей ғажап күй кешетін едік.

...Бір жолы даңғайыр жазушымыз жұмыс аяғына қарай біздің баспаға сорып қалады екен деген ақжолтай хабар жетті. Ұжымға жаңа келген жекелеген адамдардың, әсіресе жастардың:

– Шынымен Әзілхан ағаны жүзбе-жүз көреміз бе?

– Кітаптары арқылы жанымызға жақын жазушыдан қолтаңба алатын болдық-ау! – деген сынды таңырқау, әсерлену сөздерін де дәлізде құлағым шалып қалды.

Межелі уақытта Әзағаң да келді. Қуана қауышып, ардақты ағамызбен барша ұжым мүшелерінің риясыз әңгіме-дүкен құруына мүмкіндік жасадық.

Ағамызға сұрақтар да көп қойылды. Әрқайсысына ықыласпен жауап қайтарылды. Әсіресе, «Махаббат, қызық мол жылдар» романына қатысты сырласу нәзік иірімді, кең құлашты, өте әсерлі өрбіген еді. Махаббат дастанының кейіпкерлері туралы айтқанда, өмір тылсымдары көзіміздің алдында дөңгелене зулап, шынайы сезім, адалдық пен адамгершілік, отансүйгіштік қасиеттер әркімге түрлі ой салып, жетістіктер мен жеңілістерді ойша саралатып, әлдебір аңсарлы әлемге іңкәрлікпен жетелей түсетінін қайтерсіз?! Өнеге, тәлім-тәрбие, мақсат, мұрат, т.б. жастар армандаған тұма бастаулар жайлы майын тамызып, тамсандыра сыр бөліскен болатын. Ербол мен Меңтай сүйіспеншілігін толғағанда, ауызекі әңгімесінің өзінен махаббат жырының фазелдері төгіліп, өмір мәнін әр жүрекке ұғындыра түскендей еді.

...Әзағаң әншейінде байыпты, салиқалы, әр лебізіне жауапкершілікпен қарайтын адам болса да, сол кеште ақтарыла сөйледі. Ұжымның дені жастар ғой, соларға жымия қарап, мейірлене түсіп, аталық, абыздық сөздерін төгілдірді:

– Әр жүректе асыл адамгершілік, айнымас махаббат болсын. Өмірден қол ұстасып өтер жан серік – жалғыз жарын шын сүйе білмеген адам жолдасын да жақсы көре алмайды, ұжымын да құрметтей білмейді, – деген Әзағаң жастарға «Сендер өздеріңді қалаймын деп есептейсіңдер?» дегендей бір сәт сынап қарап, жүрек лүпілдерін жіті аңғармаққа сыңай танытқандай еді. – Жан жарына адал болмаған адам қылған қызмет, істеген жұмыс, атқарған қоғамдық міндетіне де адал бола алмайды. Кеудесінде өз адамгершілік, берік махаббат ұя салмаған адам анасына да, Отанына да адал бола алмайды. Әр жастың жүрегінде асыл махаббат болсын, сол махаббат әр жас отбасының алтын діңгегіне айналсын деп тілеймін. Тек жас отбасының ғана емес, «махаббат» деген асыл жібекке түйілген отаншылдық, еңбекшілдік, достық, туыстық, бауырмалдық ұлы Отанымыздың алтын діңгегі болсын деп тілеймін!

Осылай деп Әзағаң баяулатып барып, қоңыр даусымен жүрек қылын тербеп сөзін аяқтаған еді. Ризалық сезіммен ду қол шапалақталды. Жастардың бал-бұл жанған жүзін көргенде, жазушы ағамыз орнынан тұрып, қолын жүрек тұсына апарып иіліп, басын изеп, толқыған көңілін қанша сездіргісі келмегенмен, сәл-пәл қобалжығанын бәрібір жасыра алмаған еді. Бәрі нұрлы жанарынан сезіліп тұрған. Тоқсанға тақаған қарттың жасқа тән албырттығы өңін шырайландырып жіберген.

– Нұрлан айналайын, мен өзі бір ауыз сөздің өзін жазып алып айтушы едім. Бұл жолғы қағазсыз экспромт қалай шықты өзі? Сөзімнің дөнегі болды ма? – деп Әзағаң жұрт тарқаған оңашалау сәтте қысылып-қымтырылғандай болды.

— Сіздің сөзіңізді бәріміз ұйып тыңдадық. Өте нанымды, әсерлі шықты. Жастардың қаншалықты әсер-сезім құшағында болғанын өзіңіз де байқаған шығарсыз. Әзаға, жүректерде жатталып қалған осы ұмытылмастай әңгімелеріңіз үшін ұжым атынан шынайы алғысымды білдіремін, — деп үлкен жазушыға сый-сияпат жасадық. Баспамыздан «Балалар сөзі» деген сериямен 100 томдық кітап шығарып жатқанбыз, соның сол кезге дейін жарық көріп үлгерген отыз шақты томын қолына ұстаттық. Кітаптарды табыстап жатқан баспаның бас редакторы Раушанға:

— Айналайын Раушан қызым! — деді құшағы томдардан босамаған Әзағаң тебірене сөйлеп. — Келші бермен, бетіңнен сүйейін! Мынандай асыл қазынаны тұңғыш рет халық кәдесіне жаратып жатқан қадамдарыңды ерлікке балаймын. Бұл әр үйдің кітапханасының шырайын ашатын құнды басылымдар екеніне көзім жетіп тұр. Осындай ұжымдық еңбектерің баянды болсын, қарақтарым!

Осылайша шаттыққа бөленген Әзағаң Раушанды, баспа қызметкерлері Қуат, Жеңіс, Гүлден, Аяужан, тағы басқаларды көзімен шолып, сүйіспеншілік сезіміне орап алғандай еді.

Баршамыз жиылып суретке түстік. Ортамызда шаттыққа бөленіп Әзағаң тұрған еді. Кейін бұл қастерлі сурет республикалық «Егемен Қазақстан» газетінде басылып, еліміздің түкпір-түкпірін шарлап кетті...

2007 жылдың 1 тамызында Әзағаң баласы Арнұр және немерелерімен Алматыдан 18 сағат бойы көлікпен жүріп келіп (Балқашқа суға түсіп, асықпай дегендей) Астанаға ат басын тіреген еді. Сол жолы да алдынан шығып, ілтисіп көрсетіп, елорданы біраз аралатып, қызмет жасағанбыз.

— Әзаға, алдымен өз жоспарыңызды білейікші. Қаланы таныстырып, қыдыртуды қай тұсынан бастағанмыз жөн болар еді? — деп сұрадық.

— Астананың іргесінде Қабанбай батыр атамның кесенесі бар деп еді, басына барып, аруағына тағзым етсем деп едім.

Өзағаң айтса, не тұрыс бар? Отыз шақырым қашықтықтағы Қабанбай ауылына жетер-жетпестегі жолдың сол жақ қанатындағы үлкен қырат-қабақтың дөңіне айғақтап, айбаттандырып салынған бабамыздың кесенесіне лезде жеттік.

Сарша тамыздың нағыз күйіп тұрған күні еді. Кесенеге тағзым етушілер қарасы мол екен. Басқышпен жоғары өрлеп келеміз. Басына көтеріліп жетпей-ақ, жолайғы адамдар Өзағанды танып қалып, жамырай сәлемдеседі. Құшақтарына алады. Жазушы бәрін де бұрыннан танитын адамындай мейірім шуағына бөлеп, аталық алғысын жаудырады. Кесене ішіне кіргелі тұрғанда біразы жапырылып, кейін ысырылып Өзағаңа жол берді. Бір топтың ішінде сатирик жазушы Сейіт Кенжеахметов жүр екен, Өзағанды бас салып құшағына алып, бұған дейін бетпе-бет жүздесіп, кездеспегеніне қынжылса да, онысын сырт көзден жасырғандай болып, емен-жарқын әңгімелесіп, әзілдесіп кетті.

– Ұлылар бір-бірін сырттай ұлықтап жүреді, Өзаға! – деп Сейіт ағамыз бұған дейін өзінің арнайы іздеп барып сүйікті ағасымен сұхбаттаса алмай жүрген айыбын мойындағандай болды.

– Жә, оқасы жоқ, айналайын! Сондай ынтызарлық менің тарапымнан болуы әбден қажет еді. Кінә менен ғой. Есесіне, жай жерде емес, мына ұлы бабамыздың кесенесі жанында жүздесіп тұр екенбіз. Соған тәубе дейік, айналайын! Келші бермен, тағы бір бауырыма қысайын өзіңді, – деп Сейіт інісін құшағына молынан қымтап қысып, маңдайынан иіскеді.

Кесене ішіне кіріп, дұға бағышталды. Өзағаң батыр бабасының құлпытасын сипалап, мрамордан құйылған қабір қақпасының жанында суретке түсті. Әлдене деп іштей күбірлеп қояды.

Сыртқа шықсақ, Сейіт аға бастаған топ күтіп тұр екен. Орталарына алып та, жекелеп те суретке армансыз түсті-ау халық қадірлі жазушысымен. Бәрі де күтпеген мол олжаға

кенелгендей боп мәре-сәре. Бір кезде топ ішіндегі бір бейтаныс жігіт өзінің Парламент Мәжілісі аппаратында істейтіндігін айтып, іргедегі шырақшы үйінде құдайы ас әзірленіп жатқанын, сол дастарқанға Әзағаңның қатысуын өтініп, қолқа салды. Асығыс болса да ол өтініш қабыл алынып, біз де дастарқан басына жайғастық. Әзағаңа бірінші сөз берілді. Елдің амандығын, осындай батыр бабаларымыздың өсиетіне адал болу керектігін уағыздап, ұрпақтарының мына иманды іс-әрекетіне разылық танытып, Әзағаң өзінің атақты батасын берді.

Әуежай жақтан қалаға кіргенше, даңғылдың сол жақ қапталында бірінен-бірінің сәнін сәулет өнерінің асыл, көркем үлгілерімен асырып салған әлемдік деңгейдегі ғимараттарға көңілі толып, қызыға қарап, тұшынып отырған Әзағаңның шартарапқа бұлқынған ойларын бұзбауға тырысып, тым-тырыс қалған едік. Қалаға кіре берістегі сол қапталда қатарласа орналасқан көз тартар ғимараттар туралы сұрады. Олар спорт ғимараттары екенін айттық.

– Өскен өркен деген осындай болмақ! – деп Әзағаң мерейлене марқайып қалды. – Астана өзі нағыз спорттық шаһарға айналыпты ғой. Саламатты өмір – салтанатты, ақылды, байсалды, иманды тұрмысқа жетелейді, ынталандырады. Бәлі, мұның өзі ұлт болашағының жарқын дидарын күні бұрын болжап, көрсетіп тұрған темірқазықтай айқын бағдар ғой! Бағыт айқын, анық болса, ертеңіміз нұрлы болмақ! Астаналықтардың спортқа ден қоюы өмірдің өркениетті бола түсуінің белгісі емес пе?! Соған қуанып отырмын мен.

Бір кезде, қала шетіне іліккенімізде, Әзағаң артта отырған бізге кілт бұрылып:

– Рахмет, айналайындарым, Қабанбай бабамыздың басына тәу еттік. Бұл бір есте қаларлық оқиға болды. Ал енді Бөгенбай батырдың ескерткіші бар деп еді. Сол кісінің рухына тағзым етіп, парызымызды өтесек қалай болар екен? – деді.

Біз бұл өтінішті қуана құптап, бағытымызды батыр баба ескерткішіне қарай бұрған едік.

Еңселі ескерткіш қасына тақап барғанша Өзағаң басындағы күнқағарын бір алып, бір киіп, дегбірсіздене түсіп, іштей сиынғандай күймен өңі қобалжып, тынышсызданды. Ескерткіш түбіне тежеліп, басын иіп, алақанымен ескерткіш тұғырын аялай сипады. Сосын басын аспандата көтеріп, ат үстіндегі Бөгенбай бабасының болмыс-бітімін асықпай шолып, оң қолын созып, разы кейіппен бізге күлімдеді де суретке түсудің ишарасын жасады. Осылайша ағаны ортаға алып, батыр баба ескерткіші жанында суретке түстік.

Соңғы кездесу... Қандай суық, сұсты, жүрек суырарлық сөз еді бұл?! Амал жоқ, солай айтуға мәжбүрміз...

2010 жылдың желтоқсанының орта кезі еді. Өзағаң өзінің «Махаббат, қызық мол жылдар» романының жарық көргеніне 40 жыл толуына байланысты «Хабар» арнасы дайындаған «Сонымен, солай дейік» бағдарламасына қатысу үшін Алматыдан арнайы ұшып келген болатын. Бұл хабарға түсірілім ойдағыдай өткен соң Өзағаңмен кездесіп, ол кісіні қасындағы еріп жүрген адамдарымен қосып мейрамханаға дәмге шақырған едік. Қасындағылар – роман кейіпкері Меңтайдың прототипі Нұрғамиланың ұлы мен келіні Тұрар және Тамара болатын. Және бір топ журналистер еріп жүрген. Біздің ұжымнан көркем әдебиет бөлімінің меңгерушісі Қуат Құрмансейіт бар еді. Жақсы отырыс болды. Өзағаң шаршаулы екенін сездіргісі келмей, әңгімеге араласып отырды. Өзіне қатысты мадақ сөздер айтылса, онша жаратыңқырамай қалатынын сездім. Бірақ ондайда жеңіл әзілмен тігісін жатқызып, күлкіге шебер шендестіріп жібереді екен. Көбіне Меңтай-Нұрғамила образының төңірегінде сөз қозғалды. Тұрар мен Тамара да Нұрғамила аналарының өнегесін әдемі әңгімемен әдіптеп отырды. Ондай шуақты сөздерге жазушы аса разылықпен бас шұлғып қояды.

Біздің баспа ұжымына қатысты да тұшымды сөздерін айтып, тілек-батасын беріп жатқаны әлі есімде.

Сол дастарқан біздің тарапымыздан Өзағаң үшін соңғы рет жайылғанын қайдан білейік?.. Қоштасарда мейірленіп, баршамызды бауырына басқан... Жүрегіміз елжіреген...

...Қазір ойлаймын ғой, қанша кездесіп, жүздесіп жүрсек те Өзағаң маған «Кітабымды шығарып берші...» деп ешқашан қолқа салмаған екен. Кейде Өзағаң алдындағы інілік парызымды өтегім келіп кететін сәттерді бастан өткеріп, ойға бататынымды несіне жасырайын... Сөйтіп ой кешуінде жүргенімде «Құдай-ау, қайда сол жылдар» деп аталатын Өзілхан Нұршайықов туралы осы естеліктер жинағының қолжазбасы қолыма тиді. Құрастырушыға: «Жеделдетіп, тегін шығарып беремін», – деп уәде бердім және сол уәдемді орындадым.

Бұл кітап – «Фолиант» баспасы ұжымының Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның халық жазушысы Өзілхан Нұршайықовтың биыл аталып өткелі отырған, туғанына 90 жыл толуына арналған мерейтойлық белесіне шашқан шашуы деп қабылдаңыз, қадірлі оқырман..

*Дүкенбай ДОСЖАН,
жазушы, Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік сыйлығының лауреаты*

МӘСКЕУДЕМІЗ

Адам естелікпен өмір сүреді. Кейінгілер ескере жүрсін деп саз-әуен шығарады, кітап жазады, сурет салады, тіпті болмай бара жатса – бір кісілер балға мен қашауды алып жіберіп, жол жиегіндегі жартасқа «Бұл арада пәленше болған» деген сөзді ойып жазады. Есті кісі есебінде жүргендер елге пайдам тисін деп құдық қазады, арық созады, тал тігіп, үй салады. Осылайша былыққан шаруадан бойын жаза алмай жүріп пенде шіркін тіршілік сапарын тауысып алады. Фәни жалғанның дәм-тұзын татып келіп, енді бақиға озарда алды-артына күн сала қарайды. «Не тындырдым?.. Кімге жақсылық жасадым?.. Кімнің наласына... жаласына қалдым?.. Соңыма не қалдырып барамын?..» деп таразының алдында тізесі дірілдеп есеп береді.

Кім де кім көлденеңдеген әлгі сауалға жауап бермей өтіп кете алмайды.

Тағдыр өркімге өрқалай бұйырады. Жазмыштан озмыш жоқ.

Рас. Бәрімізге жоғарыдағы мәртебелі лауазым бұйыра бермейді. Тәрде орын тар. Ел үстіне шолжаңдап ерке-тотайша еркелеп өмір сүру қолдан келмейді. Біреуге таңның атысы, күннің батысы тыртыңдап жүріп, маңдай терін саусағымен он сыпырып бейнет кешкенде суішкілігін әзер айыратын нәпақа тиеді. Келесіге батпан құйрық, жол үстіне жатқан құйрық табыла кетеді. Несібесі егіз жаратылады. «Жо-о-ға-а!.. Бұл әділет емес, осылай қарап көрсем тіршілігім кәкір-шүкір, қиқым-сиқымға тартып барады, өмірімді басынан қайта бастаймын...» деуге тағы болмайды, екі айналып келетін өмір жоқ. Маңдайға жазылған бұйрық солай. Жүріп өтуге бейілсің.

Жазушы пақырға жазылғаны – өмірде ұшырасқан кісілердің жан сарайын індете аралап, рентген аспабына ұқсап, өлгілердің күлкісін... мұңын... шерін... сүйіспендігін... біліп-білмей жасаған жақсылығын... біліп-білмей жасаған күнәсін... – бәрін-бәрін тірі сөзбен хатқа түзу. Ақ қағазға көшіру. Жан азабының хатшылығы – сізге тигені.

Семей қаласынан көптен таныс-біліс оқырманым хат жазыпты. Мың тағдырлы жазушысыз депті. Ниеті дұрыс, әйтсе де сөзі жаңсақ. Жазушы қаншама жойқын, құдіретті, жазғыш болғанымен – жалғыз өзі мың тағдырды арқалап жүре алмайды. Өлгі хат иесінің көңілі ақ, ниеті дұрыс-ақ... әйтседағы айтпағы – қаламгер ысабында жүз... бес жүз... мың қаралы тағдырдың жан сарайын, сезім суретін тірі сөзбен көркемдеп жазып келесіз дегені болар, сірә. Оқырманмен хат жазысудың шашасына шаң жұқтырмас хас шебері Өзілхан ағамыз еді ғой.

Үстелімнің үстінде қалың-қалың екі кітап жатыр. Бірі – Социалистік Еңбек Ері, екі дүркін Ленин орденінің, бір мәрте Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері, Ұлы Отан соғысының ардагері, тоқсан жасты алқымдаған Бошай Кітапбаев мырзаның кітабы. Өскеменнен. «Тоғыз таңбалы найман» атты шежіре кітабына қолтаңба жазып, салып жіберіпті. Қолтаңбасы төмендегіше:

«Қазақтың ұлы Мұхтары, ұлы Әуезові туралы жазғандарын оқып, жарты ғасыр сыртынан ғашық болып жүрген Дүкенбайға осы шежіре кітапты сыйладым.

Ең ізгі ниетпен, Бошай Кітапбаев.

Өскемен қаласы. 12/1 – 2012 жыл», –

деп қолын қойыпты.

Екінші кітап – халық жазушысы Өзілхан Нұршайықовтың «Мәңгілік махаббат жыры» кітабы.

«Қадірлі қаламдас інім Дүкенбай! Бістығы бет шарпыған мәңгілік махаббат туралы іңкәр сөзімді жіберіп отырмын, төл сөзіңдей ғып төріңе шығарарсың.

Өзілхан ағаң.

Алматы. 2 мамыр, 2010 жыл».

Қайран ғана абыз ағаларым-ай! Жерге, руға, ауылға бөлінбейтін, қазақ қарындас деп лүпілдей соққан үлкен жүректеріңе басымды иемін ғой. Жоғарыдағы сөздеріңмен тасты да жібітерсіңдер. Үлкенге іні болып, үлкендікті сезініп өткенге не жетсін?!

Алыста жатқан Бошай ағамен кейінгі кезде ғана хат жазысып, телефон шалысып сөйлесетін болдық. 2012 жылдың қаңтар айында қазақтың еңселі ұлы Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевтың жүз жылдық тойына дайындық жүріп жатты. Өзім істейтін «Мәдени мұра» журналының жаңа жылдық номерін тұтастай сол кісіге арнадық. Димекенді біледі-ау, үзеңгілес, істес болған-ау деген алыс-жақынға телефон соғып, мақалаға тапсырыс беріп, естелік сөзін алғызған едік. Сол жолым Бошай ағамен телефон арқылы ұзақ сөйлескен жайымыз бар еді. Бошай аға туралы жазылар естелік – келешектің еншісінде.

Жатқан жері жаннатта болғыр Өзілхан ағаға аяндап келеміз енді.

Жазушы ағамыз туралы айтылар сөзді, жазылар естелікті жіпке көгендеп тізе берсе – жеке кітапқа тартып кетеді. Ішіндегі маржаның, көңілді күпті қылған өмір өрнегінің бір моншағын үзіп алсақ – әуелі көз алдыма дүние дөңгеленіп, үлкен белдің бұлым-бұлым арғы қабағынан шіп-шикіл сағыныштың сары сағымы қалқып шыға келеді. Майда қоңыр жүзі, жұқа жымиысы елестеп, «Әп, бәрекелде-е-е!» деген қобалжыңқы, жұмсақ үні құлағыма жетеді. Мейірімге, мейірбандыққа малып алғандай жарықтығымды сағына еске аламын.

Қобалжисың. Ұмытыла бастаған өмір өрнегін қайыра тірілтесің.

Кеше ғана өткен хикмет секілді еді.

1981 жылғы маусымның басы. КСРО Жазушылар одағының мәртебелі құрылтайы Мәскеу қаласында дүркіреп өткен ол да бір заман екен. Қазақстандық бір топ жазушыларды Жұбан Молдағалиев ағамыз бастап барды. Кілең ығай мен сығай дегендей... Хамит Ерғалиев, Әлжаппар Әбішев ақсақалдарымыз алға түсіп, Сайын Мұратбеков, Ұшқын (ұйғырақыны), Герольд Бельгер, осы жолдар авторы соңынан ілесіп... қаздай тізіліп, көркейіп жүреміз баяғы. Кремльдің күншығыс бүйіріне, шіркеулері самсаған ойпаңға орын тепкен «Ресей» мейманханасына орналастық.

«Ресей» қонақүйі – Мәскеудің маржаны еді. Ғажайып құрылысты, не ойының барын кім білген, Мәскеу қаласының мәрі Юрий Лужков тас-талқан етіп бұзғызып тастады. Бұл күнде орнында тау боп үйілген қиранды қалған. Кейінгі бір соққанда көрдім – ат шаптырым орнын сымтемірмен қоршап қойыпты.

Бүгін бар нәрсе ертең жоқ болып жатқан заман.

Сонымен шәпкемізді қисайтып, балағымызды шұбалтып астананың төрінде алшаң басамыз. Құрылтай – Кремль ішіндегі Георгиев залында өтті. Сол жолы ғой түрік әдебиетінің классигі Әзиз Несинмен танысып қолтаңба алғаным. Қазақстан делегациясына залдың алдыңғы қатарынан орын тиіпті... қол ұсыным қарсы бетте... төралқа мінберінде үкідей үлбіреп отырған Бәлла Ахмадуллина ақынға көзім арбалып, ғашық болып қалғаным... иә, сол жолы. Оң қанатқа көз салсаң – әдебиеттің атышулы арыстандары Леонид Леонов, Григорий Бакланов, Юрий Нагибин, Данил Гранин, сол жағыңа бұрылсаң – Тиркеш Жұмагелдиев, Ион Друцэ, Грант Матевосян, Расул Ғамзатов, Анар, Зульфихаров, қайсыбірін айтып тауысарсың?!

Өз арыстандарымыздың еш кемдігі жоқ. Ілияс Есенберлин, Қадыр Мырзалиев, Олжас Сүлейменов, Әзілхан Нұршайықов жүріп өткен тұс дария иіріміндей шүңейттеніп, үйіре тартып, ой тереңіне жұтып тербетеді. Әдебиеттің әл-

қиссасы түгесілмейді. Біреу шығармасының аудармасы кемшін түсіп, тынысы тарылып, кең дүниеге құлаш ұрып шыға алмай жатқанын мұң ғып шертеді; келесі автор кітабы құрғыр жылма-жыл жарық көрсе-дағы жілігіне май жүгірмей, кедейшіліктен құтыла алмай жүргенін тәптіштейді. Өз буына өзі пісіп, өз менін өзі аспандатып көкке шығарып, аспаннан аяғы салбырап жерге түсе алмай қалған ақынды көрдік.

Әдебиеттің нәпақасын місе тұтпай, көсемдердің көзіне түсем бе деп көсемсөз жазып есіктен сығалаған алақолды таныдық. Бә-ә-лі, бір өзі жарты әлемнің кебін шертетін Михаил Александрович Шолоховты іздеп шырқ айналам. Тіл-десіп қалғым келеді.

– Таба алмайсың, – деді қолтығымнан ала түсіп Әзағам – Өзілхан Нұршайқов, – өлгіде сұрап білдім, ол кісі құрылтайға келе алмапты.

– Шақырмаған шығар.

– Қатысқысы келмепті. Өздерің-ақ шуласа беріңдер депті. Доннан келген майдандас жазушыдан сұрап білдім.

– Сонда қалай? Өздерің-ақ шуласа беріңдер дегені не сөз ол? Біздер ағаш басындағы аш қарға болғанымыз ба?

– Итім біліп пе...

– Кәріс, жапон жазушылары қисық аяқтана басып ызғысып жүр. Бірер ауыз тілдесіп мән-жай сұрайын десем, тіл-машы асау атша тулағаны. Жазушы әулетіне саясат, шекара ненің шікәрасы, Өзілхан аға?

– Итім біліп пе...

Түскі үзіліс уағы ғой деймін. Ағамыз сағатына қарап, жылы жымыды, саусағымен іліп шетке ығысты.

– Буфеттен жүрек жалғап алайық, сыртқа сытылайық, тынысым тарылып кетті, – деді қобалжыңқы үнмен.

Жазушы қап-қара болып түтігіп кетіпті. Мақұл десіп, ұшқасып-тіркесіп залдан шығып, кеудеден келетін үстелі тіреліп тұрған асханаға өттік. Шай ішіп, жүрек жалғадық.

Өзекеңнің бір мінезі – қақ-сұқ тәжікеге, айтыс-тартысқа жоқ. Қайыс бауын салпылдатып асынып алған фотоапараты бар, кезі келгенде... оңқайға түскенде шырт еткізіп басып алады да, түк болмағандай аяндап жүре береді. Жайымен аяндап Кремльден өтіп, қызыл алаңға шықтық. Ленин мавзолейінің қарауылы ауысып жатқан кезге тап болыппыз. Қаққан қазықтай қатар адымдаған қызыл жағалы қарауыл әр қадамын шегелеп басып өтті... секундке – секунд... ойпырмайдың дәлдігі-ай!.. Етігін сарт еткізіп, қаруын шалт көтеріп, қаздия қалған мезет – Кремль қоңырауы әндетіп қоя берді. Өудем жердегі үйіріліп тұрған жұрт қол шапалақтап жіберді. Қарауыл ауысқан бойда лықсыған халық тәспінің тасына ұқсап көсем жатқан ғибадатханаға жылжи жөнелді.

Топқа біз де қосылдық.

Кесенеге жайлап басып енген кездегі... шыны табыт ішінде шалқасынан жатқан Ленинге мінәжат қылған кепті... тербеткен жазба мың сан, кітап теңіз. Қайталап неғыламыз... Жалғыз ғана айтылар кеп – табытты айналып өтіп бара жатып қос тарапта қаздыып күзетте тұрған бозбала офицердің көзін көзбен ұстағаныңыз бар ма? Күзетші көзін көзбен ұстаған кісінің жүрегін қыршып тістер сезім ұшқыны – алқаракөк жанар түбінде көсем рухына басын тіккен жанкештілік сезілер еді.

Еңсені езген ауыр ойдан серпілгісі келді білем. Былай шыға Әзілхан аға бұй деді:

– Кәнекей, суретке түселік, басып жібер, – деп ұшырасқан бойжеткенге фотоапаратын ұстата қойды. Суретке түстік. Мавзолейдің дәл алдында. Аңылжыған ашық аспан астында.

Әзілхан аға кірпияз емес, кеңпейіл. Шікәмшіл емес, шындығы жүзіне теуіп тұратын нұрлы кісі.

Көшеде, я болмаса Жазушылар одағында ұшыраса кетіп сәлем бересің. Үлкен болсын, кіші болсын, кідіріп, жылы қабақпен сәлемінді алады. Жылы ұшырайды. Қанша асығыс болса-дағы, ағадан – мәзір дегендей, бірер ауыз тіл қатады.

– Хал қалай, батыр? – дейді.

Осындайда қарадай қабағын қарс жауып, төбеңнен аспанын тастап жіберетін кісідей өз-өзінен бүрісіп-тырысып жүретін, амандасқаны – сұп-суық, қол бергені – алақаныңа былқ еткізіп құрбақа тастай салғандай кептегі өзге ағаларды салыстыра еске аласыз. Төрт жыл бойына майдан кешіп, жаумен жағаласып оралған Өзілхан ағаның жан жылуының молдығына ризасыз. Риясыз, ашық-шашық қалыбына қайран қаласыз.

Ақкөңілдің аты арымас, тоны тозбас деген осы болар, сірә.

Мәскеуде дүркіреп өтіп жатқан жазушылар құрылтайының үшінші күні, түскі үзіліс уағында кең сарайдың сыртына шығып, сейілдеп таза ауа жұтып жүрдік. Кремль кіндігі самсаған шіркеу. Шіркеу ішінде кілең патшалар, ақсүйектер жерленген. Түйедей көксұр, ақсұр, нілқаракөк гранитті жамылып үнсіз жатқан ханзада, бекзада, олардың жақын жұрағаты, мирасқоры, өкіл баласы, кіндік шешесі... көңілге оңаза мұң ұялатады. Өмірдің басы ыстық, аяғы салқын боларын сезіне түсесіз. Салқын гранит... Алып икондағы Иса пайғамбар бейнесі бойына жер әлемнің сызын жинап алғандай. Тас екеп тас та салқын... жатып-жатып жамбасы тесіліп, салқыннан безер болған бақи жалған тұрғындары қалай шыдайды десеңші! Өзілхан аға бірауқымда бүй деді:

– Осы қаланың ақсүйектері, атақтылары жерленетін Новодевичье көрханасына барып қайталық. Ескерткіш еліне енгендей боласың. Көрген де арманда, көрмеген де арманда. Такси жалдаймыз, – деді аяқ астынан байлауын айтып. Неге екені белгісіз, жүзі нұрланып тұрды.

Мақұл дестік.

Такси алып, түстен кейін өлілер мекеніне шығып кеттік.

Әдетте көрхана маңына құстар көп жолай бермейді. Ниагара құламасы секілді жарты дүниені алып жатқан Мәскеу мегаполисінде түтінін шылымша бұрқыратқан зауыт мол, бес миллионның үстінде мәшинеден жер қайысады, жеті

қатты тесіп зырқырап жатқан жер асты, жер үсті поездары қаншама?! Мына ығысқан дүниеден құс түгілі шыбын шіркін жаны шырқырап тозаңға айналып безіп жоғалардай. Үлкен қаланың күнбатыс бүйіріне талақша жабысқан кемеш ойпат оазис, төрт жағы биік дуалмен қоршалған көрхана іші үздік-создық торғай, ұзақ, пәттек шырылынан құлақ тұнады. Алпамсадай күзетші жігіт алдымызды кес-кестеген еді. Өзілхан ағаның әскери билеті, орден-медалін сәуілдетіп түскен суреті әсер етті ме, кім біледі, жүзін жылытып: «Бара беріңіздер», – деп өткізе салды.

Көрхана емес, аспан асты мұражайға енгендей сөзіндік.

Елдегі көрия: «Жер үстінен жер астының адамы көп...» – деп қашан көрсең ерні тобарсып, шөліккеп отырушы еді. Көрияның айтқаны айна-қатесіз. Қаз-қатар тізілген құлпытас, ұстынтас иін тіреседі. Не қилы қисын қашалған көркем жазуға көз сүрінеді. Атақтыларды шолып шығудың өзі: бірқыдыру ұзақ шаруа. Өзілхан аға әскери қолбасшы, маршал Г.К. Жуковтың құлпытасына гүл шоғын қойып, бір тізерлеп басын иіп тасына тәу етті, мәрмәр тасты сипап біразырақ кідірді.

Озыңқырап кеткен едім.

Оң бүйірде үстін жасыл мүк көмкерген ұстынтастың жазуына үңілемін баяғы. Жүрегі құрғыр жаншыла соғады. Ірі қарппен ойылған «Кідіріңіз... асықпаңыз... пәске тізе бүгіңіз!..» деген орысша жазудан, неге екені белгісіз, жон арқамнан суық тер құйылып кетті. Еріксіз тосылып, Өзілхан ағаны күттім.

Жайлап басып жанымға тақаған жазушы әлгі жазуға көз жүгіртті. Сәл төмендеу кеуделік тұсқа әлгіден ұсақ, көне славян қарпімен бір ауыз сөз қашалған. Нендей кеп дейсіз ғой: «Сіздер асығып бара жатсыздар!.. Біздер асықпай күтіп аламыз!..»

Өзілхан ағаның жанарынан осы мезет мөлдіреген жасты көрдім. Желқақты қоңырқай жүзі тұнжырай түсіпті. Жүрек

тұсын сыртынан сипап, біразырақ үнсіз мүлгіп тұрды-дағы, ернін жыбыр еткізді:

– Демалайық.

Тақтай орындыққа тізе бүгіп, бүйірлесіп отырдық. Ағаш бұтасына қарға қонақтады. Біз тұмсығын әнтек қисайтып, неғылған жансыңдар дегендей сығырайып қарайды-ай. Күн еңкейіп қалыпты. Кешегі дүркіреп өткен жастық шағын, қанды көйлек дос-жаранын есіне алып езіліп кетті ме, жарықтық біразға жалаңбас басын сол иығына қондырып, тымпи ойнаған кісідей көзін жартылай жұмып, үнсіз мүлгіді. Біраздасын жалпақ алақанын тіземе салды. Майда қоңыр үнімен сөз сабақтады:

– Бөріміз пендеміз. Қым-қуыт тіршілік базарында жүріп көбіне тәубаны, шүкіршілікті ұмытып кетеміз. Әсіресе, жазушылар өзін-өзі көтермелеуге келгенде алдына жан салмайды. Былайғы жәркеленші, жандайшап ағайындар кеу-кеулеп одан бетер бұзып бітеді. Әйтпесе, мына жарық дүниеде жетпей жатқан не бар? Бұйырған ырзық та, несібе де жетіп артылады. Аспандап... астамсып... батпансып... біреуді ықтырып... келесіні бұқтырмай-ақ тыныш жүруге болады ғой. Тыныш жүрейін десең де тыныш қоймайды. Сыртыңнан бұралқы, өсек сөз өрбітіп, астыңа жылымшылатып су жіберіп, «Ой, соны қойшы!.. Беті аулақ!.. Оның қасында пәленшекең аттылы адам ғой!..» деп сырттай титығына жетіп бітеді.

Осыны айтып аз-кем тыныстап алды.

– Әр жазушыны сүйіп оқитын төл оқырманы болады, – деп шаршаңқырап отырған қаламгердің ой ошағына тамызық тастадым.

– Сөз бар ма оған... Әлгі аспансыған, батпансыған жазушының өзіне лайық оқырманы бар. Менің өз оқырманым бар. «Махаббат, қызық мол жылдарға», «Ақиқат пен аңызға» алған хаттарымның өзі әлденеше қорап. Есебін Халима жеңгең біледі. Әлгі оқырманға қолына қалам алғызып,